

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Инновация, революция мен
жаһандық дағдарыс



Дәрістің мақсаты: қазіргі заман кезеңіндегі ғылыми-техникалық өзгерістер сияқты жағымды құбылыстары және жаһандандудың кері салдарлары – революциялар, Солтүстік пен Оңтүстік сияқты жіктелу сияқты құбылыстарды талдау.

Кілт сөздер: «боксерлар», Коминтерн, фордизм, алтын стандарт, Бірінші дүниежүзілік соғыс, Мексикадағы революция, орыс революциясы, кеңес, жас түріктер.

1890 жылдардан бастап біз қазіргі заман деп аталған тарихи кезең басталады. Бұл батыстық авторлар ұстанған кезеңдік бөлініс. Ал отандық, кеңестік, одан кейін ресейлік тарихнамада қазіргі заман түсінігі 1917 жылдан бастап қарастырылады.

Франциядағы әлеуметтік революция мен Англиядағы Өнеркәсіптік төңкеріліс XVIII–XIX ғасырда Жер шары жүздеген миллион тұрғынның өмір сүруін анықтаған тенденциялар XX ғасырдың басында күшейіп, өз жалғасын тапты.

Бұл тенденцияларға біз келесі құбылыстарды жатқыза аламыз:

1. Өндіріс пен тұтынудың өсуінен энергияны өндіру бірнеше есе артты. Бүгін де адамдардың қуат көздерін пайдалану өткен тарихи кезеңдерге қарағанда әлдеқайда көп және тұтыну әлі де өсе түсетіні анық.

2. Жер шары халқының өсуі; XX ғасырдың бірінші жартысында қарқыны жоғары болып, ғасыр соңында баяулады.

3. Техникалық және ғылыми инновациялардың даму қарқынының өсуі. Бұл процестің бір нәтижесі ретінде ғаламтордың пайда болуы бізді жеке адамның жаһандық ақпараттық дискурстағы орны туралы ойлануға мәжбүр еткен ақпараттық жүйені қалыптастырды.

4. XVII ғасырдың өзінде-ақ ұлттық мемлекеттер мен мемлекеттік егемендік мәселесіне басымдық беруге күмәнмен қараған мемлекеттік емес халықаралық ұйымдардың бір уақытта өсуі.

5. Демографиялық секіріс, тұтыну мен өндірістің артуына байланысты қоршаған орта жағдайының нашарлауы. Бұл қазіргі кезеңде адамзат баласына төнетін ең үлкен қауіп болуы мүмкін және бүгінгі таңда экологиялық мәселе барлық саяси қозғалыстар бағдарламасының күн тәртібіне қоюлы.

Сонымен қатар XVIII–XIX ғасырларда тенденциялардың үздіксіздігін бұзған оқиғаларды да назардан тыс қалдырмау керек: екі дүниежүзілік соғыс, 1917 жылғы революция, отарлық жүйеге қарсы күрес, Еуропаның жаһандық гегемониясының аяқталуы, «Қырғи-қабақ соғыс», фундаменталистік қозғалыстардың күшейуі және т.б. Сондықтан біз келесі дәрістерде қазіргі кезде ауа райын сипаттайтын тенденциялар мен контр-тенденциялардың өзара байланысы мен динамикасын баяндауға тырысамыз.

Бұл дәрісімізде біз жаһандық капитализм тақырыбына ораламыз. Атап өтер болсақ, біз қазіргі ғалымдар «керемет дәуір» – *l'abbeisme* деп атаған ұзақ экономикалық өсу кезеңіне тоқталамыз. Бәрі тамаша болып көрінген әлемнің бейнесін өзгертіп, назарды XX ғасырдың басындағы Еуразия мен Орталық Америкадағы революцияларға әкелген саяси теңсіздікке және әлеуметтік толқуларды тудырған байлықтың теңдей бөлінбеуіне аударамыз, яғни осы кезеңнің көлеңкелі жақтарын да қарастырамыз.

1873 жылғы жаһандық депрессия салдарларынан толыққанды айығу үшін әлемге 20 жыл қажет болды. 1896 жылдан бастап Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін салыстырмалы түрде тұрақты өсу кезеңі болды. Бұл кезең Жалпы ішкі өнімнің өсуімен қатар, өнеркәсібі дамыған аймақтарда тұрғындардың шынайы жалақыларының артуында көрініс тапты. 1913 жылға таман әлемдік сауданың көлемі 17 жыл шеңберінде 2 есеге өсіп, 18 млрд долларға жетті. Сауданың артуы тұрақтанумен қатар жүрді. Ол негізгі экономикалық ойыншылардың алтын стандартқа өтуінің нәтижесі еді. Төменгі салықтар, визасыз тәртіп, валюта айырбасы, техникалық жаңалықтармен бірге жоғарғы индустриалдық өнімділік – тарихшылар «жаһандандудың бірінші толқыны» атаған құбылысқа жол ашты.

Жаһандандық капитализм ғылыми мен техникалық прогрестің ортақ фонына айналды. Конрад Рентгеннің электромагниттік сәулеленуді ашуы ғалымдарға атомның құрылымына



тереңірек үңілуге мүмкіндік берді. Франко-поляктік отбасы Мария мен Пьер Кюри, ағылшындық Джозеф Томсон, даттық Нильс Бор және жаңа зеландық Эрнест Резерфорд жүргізілген зерттеулер материяның сипаттары туралы түсінікті түбегейлі өзгертті. Неміс Макс Планк пен Альберт Эйнштейн радиактивтілік, термодинамика мен атомдық физика саласындағы ашуларын теориялық қорытынды нәтижелерімен біріктіріп, «кванттық» механиканың негізін қалады.

Кванттық революцияның әзірше қолданбалы техникалық маңызы соңына дейін түсініксіз болды. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында техникалық прогресс ең алдымен, коммуникация мен қозғалыс құралдарын қамтыды. 1870 жылға таман құрлықтарда кеңінен етек жайған теміржолдар желісі, кемелер мен телеграф линиялары арқылы ақпараттық пен тауарлық алмасудың көлемі, жылдамдығы ойламаған көлемге жетті. Жаңалықтар қатарында алғашқы телефон, 25 жылдан кейін жаһандық ақпарат алмасуына жол ашқан бірінші радио, адам дауысын жазып алуға арналған – қарапайым бірінші фонограф алғашқы пластинкаларды құруға мүмкіндік берді. Оған жарнама мен саяси үндеулер де жазылды.

Дыбыстан кейін ғылымда бейнеге мән берілді. 1880 жылдарға таман суретке түсіру техникасы бір секундта 12 сурет жасай алатын деңгейге жетті. Хронофотографиялық суретке түсіруден кинематографқа дейінгі аралық шамамен 10 жылдан аса уақытты құрады және 1895 жылы ағайынды Люмьер өздерінің бірінші қоғамдық киносеансын өткізді.

Коммуникация құралдарынан механикалық қозғалыс құралдары да кейін қалмады. XIX ғасырдың 70–80-жылдары неміс инженер кәсіпкерлері мұнайды әртүрлі өнімдерімен жұмыс істейтін іштен жанатын қозғалтқыштарды ойлап тапты. 80-жылдардың соңында Готлиб Даймлер мен Карл Бенц әлемдегі бірінші автомобильдерді ұсынды. Біраз уақыт бойы мұнайдың қымбаттауы мен жинақтаудағы қиындыққа байланысты өндіріс деңгейі жоғарғы болмады. Кейін Генри Фордтың конвейерлік өндіріс тәсілін енгізуі мен нарықтық конъюнктураның өзгеруі автомобильді жаппай тұтыну тауарына айналдырды. Мысалы, 1900–1915 жж. аралығында оның АҚШ-тағы сатылым көлемі 20 есеге артып, 900 мыңға жетті.

Готлиб Даймлер, Карл Бенц, Рудольф Дизель мен Генри Форд сияқты есімдер технологиялық пионерлер ретінде көлік саласына ерекше үлесін қосты. Фордтың құрметіне фордизм деген құбылыс пайда болды. Фордизм дегеніміз технология мен ұйымдастыру жүйесі, оның мақсаты тауарларды төмен бағада стандартизациялау, жаппай өндіріп жұмысшыларға олардың өздері өндірген тауарларды тұтыну алатын деңгейде жалақы төлеу.

XIX ғасырда жетілген дирижабльдердің соңынан ере XX ғасырдың басында өнертапқыштар ауадан ауыр бірінші ұшу аппаратты – аэропланды ойлап тапты. Өздерінің «флайерінде» 40 метр қашықтықты ұшып өткен американдық ағайынды Райттар бұл бастаманың пионерлеріне айналды. 6 жылдан кейін француз ұшқышы мен инженер Луи Блерио Ла-Маншты кесіп өтті. Жолаушылар тасымалдауға әлі алыс болса да, осы кезде аэронавтика тарихында маңызды белес басталды.

Бірақ сыртқы келбеті керемет болып көрінген әлемдік бейне жаһандық капиталистік жүйемен байланысты экономикалық және саяси теңсіздікті жасыра алмады. Еуропадан тыс аумақта бақуаттылықтың жемісін, негізін отарлық билеушілер, еуропалық қоныстанушылар мен жергілікті жериеленуші элита пайдаланды. Олардың мүдделері жиі астасып жатты. Жериеленушілер еуропалықтар бір себептермен жетіспеген бидай мен басқа да азық-түлікті қорларын еуропалық метрополияларға экспортқа жіберген кезде кедергі жасамады.

Мұндай саясаттың нәтижесінде жаппай аштық – 1891–1892 жж. Ресейде, 1896–1897 жж. Үндістанда, XIX ғасырдың соңында Қытайда және т.б. орын алды. Аштықпен қатар, эпидемиялар – дифтериялар, тырысқақ ауруы, оба ауруларына ұласты. Жалпы алғанда олар Қытай мен Ресейде он миллиондай өмірді алып кетті.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Еуропалық құрлықта тұрақты қайшылық орталықтары көбейе бастады. Әйелдердің саяси құқықтары үшін күресі, жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасындағы қақтығыстың шиеленісуі, этносаралық зорлықтың көріністері, саясаттану мен антисемитизмнің өсуімен сипатталды. Жиілеген ереуілдер, демонстрациялар бақылаудан шыққан популистік қозғалыстар ұстанған мақсаттардың әр түрлілігіне қарамастан, қалыптасқан статус-квоға қарсы бағытталды. Мұндай шиеленіскен жағдайда көбісіне соғыс дұрыс шешім ретінде қарастырылды.



1914 жылдың жазына дейін еуропалық саяси элитаның ереуілдердің көлемін шектеуге, оларды революцияға ұластырмауға мүмкіндігі болды. Керісінше Ресейде, Түркия, Парсы, Қытай мен Мексикада «империализм бұғауының әлсіз тұсында» алғашқы онжылдықтарда тәртіптің өзгеруіне әкелген елеулі дағдарыстармен сипатталды. Ал Ресейде самодержавиенің билігін сақтай отырып, бірінші жалпы ресейлік парламент құрылды.

1905 жылғы Ресейдегі революция билік құрылымдарының өзгеруге түскен қоғамға сәйкес келмеуіне байланысты болды. Ресейлік жұмысшы табы санының аздығына қарамастан (шамамен 2 миллион адам) өзінің ұйымдасуымен және радикалдық көзқарастарымен ерекшеленді. Қоғамдық наразылық 1902–1903 жылдары астықтың шықпауы Орыс-Жапон соғысымен тұспа-тұс келді. Манчжурия мен Кореядағы жеңілістер биліктің дағдарысы жергілікті мәселелерді шешуді талап еткен алғашқы ереуілдерге әкелді. Репрессиялар бірден халық көңіл күйінің радикализациялануына әкелді. Халықтың әртүрлі бөліктері реформаларды талап ете отырып, партиялар мен қоғамдық ұйымдар айналасында шоғырланды, либералдық интеллигенция Кадеттер партиясының айналасына топтасып, азаматтық бостандықтарды талап етті. Ресейлік социал-демократтар Бунд пен басқа да солшыл ұйымдар басқарған жұмысшылар жаппай ереуілдерді жариялады, өзіндік басқару органдары мен кеңестерді құрды, биліктегі режимді экономикалық жеңілдіктерге барады деген үмітпен баррикадаларға шықты. Шаруалар мүддесі көрініс тапқан Социал-Революционерлер партиясының (эсерлер) бағдарламасы помещиктерде қалған жерді қайтарымсыз және бірден беруін талап етті.

Оқшауланып қалған Николай II-шінің режимі жеңілдікке барып, 1905 жылдың қазанында бірінші ресейлік парламент – Мемлекеттік Думаны құру туралы манифест жариялады. Бұл іс жүзінде көтеріліске шыққандардың жеңісі еді. Осы I-II Дума жұмысына қазақ зиялылары да жоғары мінбеден қазақ халқының мүддесін қорғап, отарлық саясатты тоқтатуға күш салды. Қоғамдық келісімнің болмауын пайдаланған режим алғашқы есеңгіреуден айыға алып, қарсы шабуылға шықты. Либералдар жеткен нәрсеге риза болды және тәртіпсіздіктерді тез бітіруді қалады. Жұмысшы ереуілдері полиция мен әскердің көмегімен басып тасталды. Шаруалар ереуілін басуға екі жылдай уақыт кетті. Мұнда премьер-министрге айналған саратовтық қала басшысы Петр Столыпин ерекшеленді. Ол түбегейлі аграрлық реформаны бастай отырып, қатаң шаралармен ауылды «тыныштандырды»: төлемдер алып тасталынды, шаруаларға помещиктік жерлерді алу үшін үлкен несиелер берілді және ең бастысы оларға өз қауымын қалдырып, жекеменшік жериеленушіге айналу мүмкіндігі туды. Мұндай тәсілдермен Столыпин «ірі меншік иелерінің» табын құрып, олар самодержавиенің отарлаушы ұлттық аймақтарда негізгі тірегіне айналуы тиіс болды. Мысалы, 1917 жылға дейін қазақтың 45 млн десятина құнарлы жері Қоныстанушылар қорына алынды.

Ғасырдың басында іс жүзінде Британия мен Ресейдің жартылай отарына айналған Иранда оқиғалар елеулі қарқынмен дамып жатты. Қаржының толық бұзылуы мен шетелдік державалардың елдің ішкі істеріне тұрақты түрде араласуы Каджарлық династияға қарсы – шииттік дінбасылардан орташа либералдық оппозицияға дейін халықтың негізгі топтарын біріктірді. Нәтижесінде шах Мозафереддин Құрылтай жиналысы – Меджлисті шақыруға және конституцияны қабылдауға мәжбүр болды. Оның мұрагері Мұхаммед Али-шах азаматтық соғысты тұтандыру арқылы конституцияны орындағысы келмейтіндігін байқатты. Ел құлдырау қарсаңында болды және тек Англия мен Ресейдің 1911 жылғы біріккен шабуылы тәртіпті қалпына келтірді.

Осман империясындағы толқулар Жапонияның 1904–1905 жж. соғыста жеңісі мен Ресейдегі революция ықпалымен қалыптасты. Османдық «ымырашыларға» – «жас түріктерге» Македонияда орналасқан офицерлер жапондық үлгідегі модернизация ғана ұлттық қозғалыстардың бірлігін сақтап қалу мүмкіндік беретінін түсінді. 1908 жылы олар ереуілге шығу арқылы сұлтан Абдул-Хамидты 1878 жылы тоқтатқан Конституцияның қайта күшіне келтіруге мәжбүр етті. Бір жылдан кейін сұлтан билікті кіші інісі Мехмед V-шіге беруге мәжбүр еді, бірақ, іс жүзіндегі билік офицерлер қолында – нақтырақ айтсақ, «жас түріктік триумвират»: Энвер-паша, Талаат-паша мен Джемаль-пашаның қолында шоғырланды. Осман империясы самодержавиелік монархиядан уақытша әскери диктатураға айналды. Бірақ бұл жағдай оның аумақтық дезинтеграциясынын тоқтата алмады. Жас түріктік революцияның маңызды нәтижесі түрік ұлтшылдығының артуы болды. Ол түрік халқын империяның басқа халықтарына қарсы қоюды күшейтті.



Еуразиялық құрлықтың басқа бөлігінде кезінде мықты болған Цин империясының жағдайы ауыр болды. Елді ішкі көтерілістер шайқалтты. Сыртқы қауіп алдында Қытай қорғансыз болып қалды. Ұлы державалар тіпті кейде ашық аннексияға жүгініп, ірі мемлекетті бейресми «ықпал ету аймақтарына» бөлді. Мысалы, Жапония 1895 жылы Тайваньді (Формоза) иемденіп, Германия Циндао портын оккупациялады. Ресей Сыртқы Моңғолияның – Халханың қытайлық сюзеренитеттен шығуына ықпал етті. Отарлыққа қарсы «Боксерлар» деп аталған ұлттық көтеріліс Цин сарайының қолдауымен 1901 жылы батыс пен шығыстан келген империалистер әскерімен басып тасталынды. Елде шетелдіктер мен маньчжурлық үстемдікпен күресуді мақсат еткен «өзіндік күшею» ұранмен құпия қоғамдар әрекет ете бастады. Ондай «Біріккен лига» немесе «Тунмэнхуэй» деп аталған ұйымның бірін кәсіби революционер Сунь Ятсен құрды.

Жаппай ереуілдер бірқатар қалаларда әскери гарнизондардың көтерілісшілердің жағына өтуіне әкелді. Нәтижесінде жасы кіші болған императора Пу Иды бұрынғы цин генералы Юань Шикай алмастырды. Сунь Ятсен бастаған республикандықтармен қысқа «ойынынан» кейін Юань Шикай өзін президент деп жариялады. Ал кейіннен 1915 жылы императорға айналды. Қалпына келген империя тек бірнеше ай ғана – 1916 жылдың маусымына өзін-өзі император деп жариялаған Юань Шикайдың өліміне дейін өмір сүрді.

XX ғасырдың басында революцияны бастан өткерген мемлекеттердің ішінде республика болған тек Мексика болды. Бірақ билікте 30 жыл бойы номиналды түрде бір адам – Порфирио Диас болды. Ереуілдің себептері басқа аймақтағы революциясын тұтатқан себептермен ұқсас болды: биліктің коррупциясы, шетелдік капиталдың мәжбүрлеуі, креолдық элита мен абсолюттік халықтың көпшілігінің арасындағы мүлктік теңсіздіктің күрт өсуі. Ал көтеріліске сылтау Диастың 1910 жылы өз қызметін босатып, еркін сайлау жариялау туралы уәдесін бұзуы болды. Оның қарсыластары жаппай көтеріліске шақырып, бұл қарсылық нәтижесінде Диас елден қашты.

Бірақ диктаторлан биліктен кетуі елдегі жағдайды тыныштандырмады. Халықтың наразылығы мен қойылған талаптар жинақталып қалған болатын. Келесі 7 жылда Мексика бәрі бәріне қарсы сипаттағы соғыс жағдайында болды: Оңтүстікте шаруалар көсемі Эмилиано Сапата әрекет етті, солтүстікте Франсиско Вильидің жақтастары әрекет етті. АҚШ елге бірқатар шабуылдар ұйымдастырып, ол елдің жағдайын одан ары ұшықтырды. 1915 жылға таман либералдар біріге алып, көтерілісші шаруалардың әскеріне қарсы шықты. Олар айла, күш пен әлеуметтік реформалардың көмегімен радикалды революционерлерді ығыстырып, Мексикада тәртіпті қалпына келтірді. Мексика жаңа конституцияны алды, бірақ «Институциялық революционерлер» деп аталған билік латифундистер мен аз санды қала буржуазиясының қолында қалды.

Жоғарыда атап өтілген мысалдардан байқап отырғанымыздай ғасырдың басындағы революциялық дағдарыстан шығу жарым-жартылай нәтижеге әкелді. Ресейде патша өкіметі думамен компромиске келу арқылы сақталып қалды. Түркия мен Қытайда революциялар уақытша диктатураға әкелді. Мексикада адам диктатурасы орнына партия диктатурасы орнады. Иранда революция мемлекеттің құлдырауы мен оккупацияға әкелді.

Мұның барлығы революциялық идея мен оны жүзеге асыру тәсілдерінің дискредитациясына әкелді. Революцияның кейінгі дамуы үшін империалистік жүйені ішінен ірітетін жаңа жаһандық дағдарыс қажет болды. Мұндай дағдарысқа Бірінші дүниежүзілік соғыс айналды.

Сұрақтар

1. Қазіргі заман кезеңіне тән құбылыстарға тоқталыңыз?
2. Тұрақты өсу кезеңі қай уақыттарда болды?
3. Дауыс пен дыбысты жеткізу үшін қандай құралдар ойлап табылды?
4. Көлік саласы қалай дамыды?
5. Фордизм деген сөзді қалай түсінесіз?
6. Осман империясындағы толқуларға қай елдердегі жағдайлар әсер етті?



Әдебиеттер

1. John Maynard Keynes, *The Economic Consequences of the Peace* (London: Macmillan, 1919), 101.
2. George Modelski, *World Cities: – 3000 to 2000* (Washington, D.C.: Faros2000, 2003), 63.
3. R. Hume, «From Ahmednagar», *New York Times*, November 22, 1896, quoted in Mike Davis, *Late Victorian Holocausts: El Niño Famines and the Making of the Third World* (New York: Verso, 2001), 144.
4. Hermann Buhr Gillomee, *The Afrikaners: Biography of a People* (Charlottesville: University of Virginia Press, 2003), 152.
5. Lionel Kochan, *Russia in Revolution, 1890–1918* (New York: New American Library, 1967), 99.
6. Qiu Jin, «Preoccupation (Written while in Japan),» *Women Writers of Traditional China: An Anthology of Poetry and Criticism*, ed. Kang-I Sun Chang and Haun Saussy (Stanford, CA: Stanford University Press, 1999), 642–643.